

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 8 шілдедегі № 134 "Батыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 16 ақпандығы № 36 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 қазандағы №718 "Өнімнің өмірлік циклі сатыларында Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тиісті техникалық регламенттер талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органдарды айқындау және "Техникалық регламенттер талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 17 мамырдағы № 296 қаулысының күші жойылды деп тану туралы" қаулысына сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 8 шілдедегі №134 "Батыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына төмендегідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Батыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Батыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындастын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары К.Ш.Айтмұхамбетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

H. Төреғалиев

Батыс Қазақстан облысы

әкімдігінің

2024 жылғы "___" _____

№___ қаулысына қосымша

Батыс Қазақстан облысы

әкімдігінің

2022 жылғы "8"шілде

№134 қаулысымен бекітілген

"Батыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Батыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі -Басқарма) Батыс Қазақстан облысының энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органды болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Укіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлөрі және атауы мемлекеттік тілінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Басқармаға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда, ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, индекс 090000, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Х.Чурин көшесі, 116.

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың өкілеттіліктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Басқарманың заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. Басқарманың мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаты:

Батыс Қазақстан облысы аумағында энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларындағы функцияларды жүзеге асыру болып табылады.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

Басқарманың алдына қойылған міндеттерді орындау жөніндегі ұсыныстарды және қаулылар мен шешімдер жобаларын әзірлеуді және облыс әкімдігі мен әкіміне ұсынуды жүзеге асырады;

мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардан Басқармаға жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпараттар мен материалдарды сұратады және алады;

өз құзыretі шегінде шарттар, келісімдер және басқа да заңды мәмілелер жасайды;

2) міндеттері:

энергетика, коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелерінің, қызмет көрсететін кәсіпорындардың қызметін үйлестіру;

энергия үнемдеу, электр энергетикасын және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту және жаңғырту бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

облыстың өндірістік және әлеуметтік кешендерін жылыту маусымына дайындау және тұрғын үй қорының жағдайына мониторинг жүргізу;

коммуналдық қызметті тұтынушылар мен қызмет көрсететін кәсіпорындар арасында үйлесімді қызметті жүзеге асыру;

15. Функциялары:

1) Облыста электр энергетикалық кешенниң қауіпсіз, сенімді және тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге жәрдемдесу;

2) Жанар-жағармай материалдары бағасының мониторингі бойынша жұмысты үйлестіру;

3) Облысқа сұйытылған мұнай газын жеткізу бойынша жұмысты ұйымдастыру;

4) Облыстың сұйытылған мұнай газы бойынша күнделікті мониторинг жүргізуі бақылау және тұтынлатын көлемдер бойынша ай сайынғы есепті ұсыну;

5) Өз құзыretі шегінде энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша бірлескен жұмыс жүргізу;

6) Өз құзыretі шегінде Қазақстан Республикасының "Жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдама мәселелері бойынша жұмыс жүргізу;

7) Баламалы энергия көздерін дамыту жөніндегі нысаналы мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру;

8) Ұлт жоспары-100 накты қадамның үшінші бағыты, 51-қадам. "Өнірлік электр желілік компанияларды ірілендіру" қадамдарын іске асыру;

9) Жылыту маусымына дайындық шенберінде энергетикалық кешен кәсіпорындарының қызметін үйлестіру және энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдарға жұмысқа дайындығы паспортын беруге қатысу;

10) "Батыс Қазақстан облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспары" бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыстарды жүргізуге қатысу;

11) "Ауыл ел бесігі" бағдарламасы бойынша іс-шараларды іске асыру;

12) Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдардың қызметін бағалау жөніндегі жылдық ақпаратты ұсыну;

13) Облыстың мемлекеттік энергетикалық тізлімі субъектілерінің тізбесін қалыптастыру;

14) Облыстың энергетикалық кәсіпорындарының инвестициялық бағдарламалары бойынша қорытындыны қарau және ұсыну;

15) Облыстың энергетикалық балансын айлар бойынша және жыл қорытындысы бойынша жинау және жасау;

16) Өнірдің энергиямен жабдықтаушы ұйымдарымен жұмыстар жүргізу;

17) "Батыс Қазақстан аймақтық электр желілік компаниясы" ЖШС энергия беруші ұйымының мәселелеріне жетекшілік ету;

18) Облыстың энергия беруші ұйымдарының күрделі және ағымдағы жөндеу кестелерінің орындалуын бақылау;

19) "Батыс Қазақстан облысының 2022-2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарының" 82-тармағын іске асыру және есептерді ұсыну;

20) 041 "Жылу-электр энергетикалық жүйесін дамыту" бюджеттік бағдарламасы шенберінде жобаларды іске асыру;

21) "Батыс Қазақстан облысы мен Орал қаласы бойынша электр желілері мен генерациялайтын қуаттарды дамыту бағдарламасын" қалыптастыру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге қатысу;

22) жылу желілерін дайындауды және жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру және олардың күзгі-қысқы кезенде жұмыс істеуін бақылау;

23) 032 "Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және оқшау жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау" бюджеттік бағдарламасы шенберінде су берушілерге ауыз суға субсидия беру;

24) Әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде машиналар және жабдықтардың, лифтілерді және лифтілердің қауіпсіздік құрылғыларын қауіпсіз пайдалануға мониторинг жүргізу;

25) Балалардың ойын аландарына арналған аттракциондардың мен жабдықтардың қауіпсіз пайдаланылуына мониторинг жүргізу;

26) Коммуналдық кәсіпорындар, әлеуметтік объектілер және КПТУ жылу беру маусымына дайындық және өту бойынша жұмыстарының мониторингін жүргізу;

27) барлық қуаттағы жылыту қазандықтары мен жылу желілерінің (магистральдық, орамішлік) құзгі-қысқы жағдайлардағы жұмысқа дайындығының паспорттарын беру;

28) Сұйық және газ тәрізді көмірсутектерді тасымалдауға арналған магистральдық құбырларға қойылатын жобалау және салу талаптарының мониторингі.

29) Әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде артық қысыммен жұмыс істейтін жабдықты қауіпсіз пайдалану мониторингі

30) профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізу (инфекциялық және паразиттік аурулар табиғи ошақтарының аумағындағы, сондай-ақ инфекциялық және паразиттік аурулардың ошақтарындағы дезинсекция мен дератизацияны қоспағанда);

31) БҚО тұрғын үй шаруашылығы және тұрғын үй қоры саласында қабылданатын шаралар бойынша мониторинг жүргізу, көп пәтерлі тұрғын үйлер бойынша энергетикалық аудит жүргізуді ұйымдастыру;

32) коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға кезекте тұрған тұргандарды түгендеу бойынша мониторинг жүргізу;

33) "Елді мекендерді газдандыру" бағдарламасы бойынша ауылдық елді мекендерді газдандыруды іске асыру;

34) Батыс Қазақстан облысы бойынша тұрғын үй шаруашылығы саласындағы жай-күйі және қабылданып жатқан шаралар туралы (көппәтерлі тұрғын үйлер мен авариялық үйлердің саны туралы, лифттердің жай-күйі туралы және т.б. ақпарат жинау), мониторинг жүргізу, Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне есептер жүргізу және ұсыну.

35) Коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаждар есебінде тұрған азаматтардың саны туралы, тұрғын үй алған азаматтардың саны туралы, азаматтарға жалданған тұрғын үйлердің саны туралы, азаматтарға көрсетілген тұрғын үй көмегінің саны туралы және т. б. ақпарат жинау, мониторинг жүргізу, Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне есептер жүргізу және ұсыну.

36) тұрғын үй сертификаттарын беру жөніндегі жұмыстарды жүргізу.

37) 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шенберінде шағын және орта бизнес субъектілері үшін жетіспейтін инфрақұрылым құрылышын жүзеге асыру.

3. Басқарманың бірінші басшының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Басқарманы басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Басқарманың бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады;

2) Басқарма басшысы орынбасарларының, бөлім басшылары және қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

3) сыйайлас жемқорлықпен қурес жөніндегі жұмыстарды жүргізеді және осы бағыттағы жұмысқа дербес жауап береді;

4) Басқарма қызметкерлерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес лауазымға тағайындейді және лауазымнан босатады;

5) заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма қызметкерлерін ынталандыру, материалдық көмек көрсету, тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

6) Басқарманың бөлімдері туралы ережелерді және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

7) өз құзыреті шеңберінде бүйрықтар шығарады, нұсқаулар береді, қызметтік құжаттарға қол қояды;

8) мемлекеттік органдарда және өзге де үйымдарда Басқарма атынан өкілдік етеді;

9) гендерлік саясатты іске асыру мәселелері жөніндегі жұмыстарды жүргізеді және осы бағыттағы жұмысқа дербес жауап береді;

10) белгіленген тәртіппен қаржы-экономикалық және шаруашылық қызмет мәселелерін шешеді, бюджеттік қаражаттардың тиімді және мақсатты жұмсалуын бақылайды;

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындейді.

4. Басқарманың мұлкі

21. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мұлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мұлкі оған меншік иесі берген мұлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алған мұлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Басқармаға бекітілген мұлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарманың өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жок.

5. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату

24. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК